

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ел ертеңі-білімді жастар.

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.09.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/143002/

Ел ертеңі-білімді жастар.

Егеменді еліміздің тірегі — білімді, тәрбиелі жастар, яғни еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен демократиясын көтеретін ол әрине — жастар. Қазақ елінің болашағы білімді, саналы, тәрбиелі ұрпаққа ие. Ел ертеңі бүгіннен басталатынын білген ата-бабаларымыз, дана халқымыз “ Бала-өмір жалғасы”деп білген, солайша, бала тәрбиесін маңызды деп санап, ерекше көңіл бөлген. Бала тәрбиесі ең алдымен аға ұрпақтан, жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отыр. Сондықтан егеменді елдің жарқыраған жастарының санасына осы ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-ананың тәрбиесінен бөлек мұғалімнің де тәрбиесі қатар жүреді екен. Алайда, өз сана сезімінің арқасында түзу жолдан таймай, үлкен белестерді бағындырып, жетістікке жетіп жатқан жандар жетерлік. Осы себептен жастар әрдайым өздері талпынып, жиі ізденісте болуылары тиіс. Жастарымыз биік рухты, намысшыл, патриот болса еліміздің еңсесі де биік болады. Қазақ елін мәңгілік ел қылатын біздер, жарқын жастар. Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә Назарбаев ел бейбітшілігін сақтап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүруімізді қамтамасыз етті. Ал қазіргі таңда Президентіміз Қ.К Тоқаев қазақ елінің биіктен көрінуіне, дамыған елдер қатарна кіруіне үлесін қосып келе жатыр. Қазақ еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастық арқасында осындай жетістіктерге қол жеткізіп келеміз. Білім мен ғылым дамыған заманында жоғары деңгейдегі мектептер мен жоғары оқу орындары, балабақшалар салынууда. Сонымен қатар, түрлі мамандықтар пайда болып, елдің дамуына үлес қосатын азаматтарды, жас өспірімдерді қолдап жатыр.

<<Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!>> деп айтқан Мағжан атамиздың сөзінен жастарға үлкен сенім артып кеткендігін байқауға болады. Сол себепті, біз үшін жандарын қиған ата-

бабаларымыз үшін барымызды салып қолдан келгенше елімізді өркендетейік. Мені халқымның болашағы қандай болатыны өте қатты толғандырады. Қасымда жүрген жас өспірімдерге қарап ,өзіме қарап еліміздің ертеңі жарқын болатынына сенуге болады.Мен үшін мемлекетіміздің абыройы әрқашанда биік.Жаңа Қазақстанды бірге өркендетіп,қастерлі отанымыздың тұғырынын биік ұстайық. Білімімізді шыңдап, қазақ еліміз, атамекен жерімізді дамытуға үлесімізді қосайық! Менің айтпағым , Қазақстан мемлекетінің болашағы өскелең ұрпаққа тәуелді. Қазір білектінің емес, білімділердің заманы. Ал, білімді болу үшін оқу керек, оқу үлкен сабырлылықты, ізденісті, тәрбиені талап етеді. Осы керектілердің жолында жүріп жұмыс жасайық. Қазақ елі үлкен белестерге жете алады,егер, білімді жастар болса!

Жексенбай Мөлдір,

Дулати университетінің 1 курс студенті.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.